

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде  
2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы) \_\_\_\_\_

Топ: ортаңғы топ

Балалардың жасы: 3-4 жас.

Жоспардың құрылу кезеңі: қыргүйек айы, 2022-2023 оқу жылы.

| Айы      | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |
|----------|---------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Қыргүйек | Дене шынықтыру            | <ul style="list-style-type: none"><li>– қимыл белсенділігін дамыту мен үйлестіру және дене жаттығуларына қызығушылықтарын қалыптастыру;</li><li>– мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптастыру;</li><li>– саламатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру;</li><li>– денсаулықты нығайтуға ықпал ететін дене сапаларын: ептілік, төзімділік, икемділік, шапшаңдық, үйлесімділікті дамыту;</li><li>– жүру, жүгіру, секіру, лақтыру мен қағып алу, еңбектеу мен өрмелеудің негізгі қимыл түрлеріндегі қарапайым дағдыларды орындауды қалыптастыру;</li><li>– бірлескен қимылды ойындарға, өзара қарым-қатынастың</li></ul> |

|  |                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |
|--|-----------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|  |                 | <p>жағымды ережелеріне баулу.</p> <p>1) жүру. Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы еркін жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру: сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі, тізені жоғары көтеріп жүру, аралықты сақтай отырып, бағытты өзгертіп қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіру, шеңбер бойлап, қол ұстасып, арқаннан ұстап, тоқтай қалып, жүрелеп, бұрылып, "жыланша", заттарды айналып өтіп, төбешікке шығып және төбешіктен түсіп саппен жүру;</p> <p>Спорттық жаттығулар:</p> <p>1) велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипед тебу дағдыларын қалыптастыру;</p> <p>2) жүзуге дайындық. Суға түсу, судан шығу, суда ойнау дағдыларын қалыптастыру. Сауықтыру-шынықтыру шаралары.</p> <p>Шынықтыру шараларын жүргізу. Тыныс алу жаттығуларын жүргізу.</p> |
|  | Сөйлеуді дамыту | <p>Дағдыларды қалыптастыру:</p> <p>- дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды айта білу;</p> <p>Сөздік қор:</p> <p>1) ойын мен ойын жаттығулары арқылы сөздік қорын кеңейту; 2) заттардың бөлшектерін ажыратуға және атауды</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |

|  |                |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |
|--|----------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|  |                | <p>үйрету.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы:</p> <p>1) сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру.</p> <p>Келесі дағдыларды қалыптастыру:</p> <p>1) суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде байланыстырып сөйлеу;</p> <p>2) шағын тақпақтар мен өлеңдерді жаттау.</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |
|  | Көркем әдебиет | <p>1) ертегілердің мазмұнын түсінуге, тыңдауға, бейнелі сөздерді есте сақтауға.</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |
|  | Қазақ тілі     | <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</p> <p>Қазақ тілінде айтылған сөздерді мұқият тыңдауға, сондай-ақ осы сөздерді дұрыс айтуға және еске сақтауды үйрету.</p> <p>Артикуляциялық аппаратты дамыту.</p> <p>Сөздік қор:</p> <p>1) туыстық атауларды білдіретін сөздерді (әке, ана, ата, әже, апа және тағы басқа) дұрыс айту және мағынасын түсіну дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы:</p> <p>1) сөздерді және әртүрлі сөз таптарынан құралған тіркестерді түсінуді үйрету (зат есімдер мен сын есімдер, зат есімдер мен етістіктер);</p> <p>2) қарапайым сөйлемдерді құруды үйрену;</p> <p>3) қарапайым сұрақтарға жауап беруді үйрету (Бұл кім? Бұл не?).</p> |

|  |                            |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |
|--|----------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|  | Математика негіздері       | <p>Сан. "Көп", "біреу", "бір-бірден", "бір де біреуі жоқ" ұғымдары туралы түсініктерін қалыптастыру.</p> <p>Келесі дағдыларды қалыптастыру:</p> <p>1) біртекті заттардан топтар құрастыру және олардың біреуін бөліп көрсету.</p> <p>Шама.</p> <p>Шама бойынша заттардың әртүрлі болатыны туралы түсінік беру.</p> <p>Келесі дағдыларды қалыптастыру:</p> <p>1) ұзындығы мен ені бойынша екі қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру.</p> <p>Келесі дағдыларды қалыптастыру:</p> <p>1) геометриялық пішіндерді тану және атау.</p> <p>Кеңістікте бағдарлау. Өзінің дене мүшелерінің орналасуын білуді үйрету.</p> <p>Келесі дағдыларды қалыптастыру:</p> <p>1) өзіне тікелей жақын кеңістік бағдарын анықтау, заттарды сол жақтан оң жаққа қарай орналастыру.</p> <p>Уақытты бағдарлау.</p> <p>Келесі дағдыларды қалыптастыру:</p> <p>тәулік бөліктерін тану және атау - таңертең, күндіз, кеш, түн.</p> |
|  | Қоршаған ортамен таныстыру | Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |

|  |            |                                                                                                                                                                                                                                                                                              |
|--|------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|  |            | <p>қалыптастыру.</p> <p>Күн райының жағдайын анықтау, табиғат құбылыстарын (маусымдық) бақылау. Табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын тәрбиелеу.</p>                                                                                                                                        |
|  | Құрастыру  | <p>1) әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстар құрастыру; 2) бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін пайдалану;</p>                                                                           |
|  | Сурет салу | <p>Түрлі бағытта тура сызықтарды, олардың қиылысуын жүргізе білуді қалыптастыру:</p> <p>1) көгөністер мен жемістерді, ыдыстарды, ойыншықтарды, жануарларды бейнелеу, дөңгелек пішінді заттардың суретін салу (шарлар, бұлт, күн);</p>                                                        |
|  | Мүсіндеу   | <p>1) сазбалшықтың, ермексаздың қасиеттерімен танысу дағдыларын жетілдіру. Сазбалшық, қамыр, ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу, ширату, созу тәсілдерін пайдалана отырып, көгөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру;</p> |
|  | Жапсыру    | <p>1) дайын пішіндерден заттардың бейнесін жасауды үйрету;</p> <p>2) бейнеленген заттарға сәйкес түстерді таңдау;</p>                                                                                                                                                                        |

|  |        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |
|--|--------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|  | Музыка | <p>Музыка тыңдау.</p> <p>Келесі дағдыларды қалыптастыру:</p> <p>1) түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдау;</p> <p>2) түрлі сипаттағы аспапта орындалған пьесаларды тыңдау, есте сақтау;</p> <p>Ән айту.</p> <p>Дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салу, ересектермен бірге ән салу, аспаптың сүйемелдеуіндегі даусына бейімделу дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.</p> <p>Келесі дағдыларды қалыптастыру:</p> <p>1) бірінің артынан бірі жүру барысында би ырғағын, музыканың би сипатын игеру;</p> <p>2) әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындау.</p> |
|--|--------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|